

**Дәрілік препаратты медициналық қолдану
жөніндегі нұсқаулық (Қосымша парақ)
Синупрет® форте**

Саудалық атауы
Синупрет® форте

Халықаралық патенттелмеген атауы
Жоқ

Дәрілік түрі
№20 қабықпен қапталған таблеткалар

Фармакотерапиялық тобы

Респираторлық жүйе. Жөтел және суық тию ауруларында қолданылатын препараттар. Жөтел және суық тию ауруларында қолданылатын басқа препараттар.

АТХ коды R05X

Қолданылуы

- тұтқыр секреттің түзілуімен қоса жүретін жедел және созылмалы синуситтерде (этмоидиттер, фронтиттер, гаймориттер)

Қолдануды бастағанға дейінгі қажетті мәліметтер тізбесі

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- препарат компоненттеріне жоғары сезімталдық
- 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдер

Қолдану кезінде қажетті сақтық шаралары

Бұл препарат құрамында сұйық глюкоза, лактоза моногидраты және сахароза бар. Егер сізде қант жақпаушылығы болса, препаратты қабылдар алдында дәрігермен кеңесіңіз.

Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі

Бактерияға қарсы дәрілік заттармен біріктіруге болады. Осы уақытқа дейін басқа дәрілік заттармен өзара әрекеттесуі белгісіз.

Арнайы ескертулер

Егер сіздің мұрыныңыздан қан кетсе, қызба, қатты ауырсыну, мұрыннан іріңді бөлінулер, көрудің бұзылуы, беттің ортаңғы бөлігінің немесе көздің асимметриясы немесе беттің ұйып қалуы болса, дәрігермен кеңесіңіз, өйткені бұл симптомдар, әдетте, риносинуситтің барлық түрлері үшін маңызды ескерту ретінде қарастырылады және дәрігер-маманның

тексеруін және шұғыл емді талап етеді. Егер симптомдар 7-14 күннен артық сақталса, нашарласа немесе мезгіл-мезгіл қайталанса дәрігермен кеңесу қажет.

Белгілі гастрит және сезімтал асқазаны бар пациенттер жағдайында осы дәрілік затты қабылдау кезінде ерекше сақтық сақтау керек. Синупрет® фортені тамақтанудан кейін стакан сумен қабылдаған дұрыс.

Диабетиктер үшін ақпарат:

1 қабықпен қапталған таблеткада орташа 0,03 «нан бірлігі» бар.

Сирек тұқым қуалайтын фруктоза, галактоза, лактоза, глюкоза және сахароза көтере алмаушылығы бар пациенттер препаратты қабылдамаған жөн.

Педиатрияда қолдану

12 жасқа дейінгі балаларда Синупрет® форте қолдануға қатысты жеткілікті зерттеулер жоқ. Сондықтан Синупрет® форте 12 жасқа дейінгі балаларға тағайындамау дұрыс.

Жүктілік пен лактация кезеңінде

Кез келген дәрілік заттар сияқты Синупрет® форте жүктілік және лактация кезеңінде қолдану емдеуші дәрігердің қауіп пен пайда арақатынасын қатаң бағалағаннан кейін ғана мүмкін болады. Препаратты бала емізу кезінде деректердің болмауына байланысты қабылдау ұсынылмайды.

Препараттың көлік құралдарын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

Препарат ұсынылған дозаларда көлік құралдарын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер етпейді.

Қолдану бойынша ұсынымдар

Дозалау режимі

Ересектерге: күніне 3 рет 1 қабықпен қапталған таблеткадан.

Егер симптомдар 7-14 күннен артық сақталса немесе мезгіл-мезгіл қайталанса, дәрігермен кеңесу қажет.

Қабықпен қапталған таблетканы шайнамай, судың аздаған мөлшерімен ішіп, бүтіндей жұту керек.

Енгізу әдісі және жолы

Ішке қабылдау үшін.

Қабылдау уақыты көрсетілген қолдану жиілігі

Синупрет® фортені күніне 3 рет (таңертең, түсте және кешке) қабылдайды.

Емдеу ұзақтығы

Емдеу курсы – 7-14 күн. Препаратты дәрігердің кеңесінсіз 14 күннен артық қабылдауға болмайды.

Артық дозалану жағдайында қабылдануы қажет шаралар

Бүгінгі күні артық дозалану жағдайлары туралы хабарланған жоқ.

Артық дозалану жағдайында жағымсыз әсерлер қарқынды болуы мүмкін.

Емі: препаратты қабылдауды тоқтату және симптоматикалық ем бастау керек.

ДП стандарттымен қолданған кезде пайда болатын жағымсыз реакциялардың сипаттамасы және бұл жағдайда (қажет кезінде) қабылдауға тиісті шаралар

Жағымсыз әсерлерді бағалау мына жиілік санаттары қолданылады:

Өте жиі ($\geq 1 / 10$)

Жиі ($\geq 1 / 100, < 1/10$)

Жиі емес ($\geq 1 / 1000, < 1/100$)

Сирек ($\geq 1 / 10000, < 1/1000$)

Өте сирек ($< 1/10000$)

Белгісіз (қолда бар деректер бойынша жиілігін бағалау мүмкін емес)

- жиі емес болып табылатын асқазан-ішек бұзылулары (іштің ауыруы, жүректің айнуы сияқты)

- аса жоғары сезімталдықтың жергілікті реакциялары (қызару, бөртпе, қышыну сияқты) сирек кездеседі.

- жүйелі аллергиялық реакциялар (Квинке ісінуі, енгігу, беттің ісінуі сияқты) пайда болуы мүмкін. Жиілігі белгісіз.

Жағымсыз әсерлер пайда болған кезде (әсіресе аллергиялық/аса сезімталдық реакциялары) препарат қабылдауды тоқтату және дәрігерге қаралу керек.

Жағымсыз дәрілік реакциялар туындаған кезде медицина қызметкеріне, фармацевтика қызметкеріне немесе дәрілік препараттардың тиімсіздігі туралы хабарламаларды қоса алғанда, дәрілік препараттарға жағымсыз реакциялар (әрекеттер) бойынша ақпараттық дерекқорға тікелей жүгіну керек

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік заттарды және медициналық бұйымдарды сараптау Ұлттық Орталығы» РМК ШЖҚ

<http://www.ndda.kz>

Қосымша мәліметтер

Дәрілік препараттың құрамы

Қабықпен қапталған бір таблетка құрамында

белсенді заттар:

шерменгүл тамыры 12 мг

тостағаншасы бар наурызгүл гүлі 36 мг

қымыздық шөбі 36 мг

аюбадам гүлі 36 мг

нарқайсар шөбі 36 мг

қосымша заттар:

таблетка ядросы құрамында:

желатин, лактоза моногидраты, картоп крахмалы, сусыз коллоидты кремнийдің қостотығы, сорбит, стеарин қышқылы, тазартылған су;

таблетка қабығы құрамында:

акрилат сополимері, кальций карбонаты, майсана майы, хлорофиллин қосылысы, декстрин, глюкоза шәрбаты, индигокармин (алюминий) (E132), жеңіл магний тотығы, маис крахмалы, монтанды гликол балауызы, рибофлавин (E 101), шеллак, сахароза, тальк, титанның қостотығы (E 171)

Сыртқы түрінің, иісінің, дәмінің сипаттамасы

Дөңгелек пішінді, екі жақ беті дөңес және тегіс, жасыл түсті, қабықпен қапталған таблеткалар

Шығарылу түрі мен қаптамасы

20 қабықпен қапталған таблеткадан алюминий фольгадан және ПВХ, ПВДХ үлбірден жасалған пішінді ұяшықты қаптамада.

1 пішінді ұяшықты қаптамадан медициналық қолдану жөнініндегі қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынған.

Сақтау мерзімі

3 жыл

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды!

Сақтау шарттары

Түпнұсқалық қаптамасында, 30°C-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецептсіз

Өндіруші туралы мәліметтер

Роттендорф Фарма ГмбХ

Остенфельдер штрассе, 51-61,

59320, Эннигерло, Германия

Телефон: +49 / (0) 9181 / 231-90

Факс: +49 / (0) 9181 / 231-265

электрондық пошта: info@bionorica.de

Вивельхофе ГмбХ

Дернебринк 19,

49479 Иббенбюрен, Германия

Телефон: +49 / (0) 9181 / 231-90

Факс: +49 / (0) 9181 / 231-265

электрондық пошта: info@bionorica.de

Қаптаушы

Бионорика СЕ

Кершенштайнерштрассе 11-15

92318 Ноймаркт, Германия

Телефон: +49 / (0) 9181 / 231-90

Факс: +49 / (0) 9181 / 231-265

электрондық пошта: info@bionorica.de

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы

Бионорика СЕ

Кершенштайнерштрассе 11-15

92318 Ноймаркт, Германия

Телефон: +49 / (0) 9181 / 231-90

Факс: +49 / (0) 9181 / 231-265

электрондық пошта: info@bionorica.de

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттардың сапасына қатысты шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электрондық пошта)

«Бионорика КАЗ» ЖШС

050060 Алматы қ., Жароков көш. 331, тел: 250-93-99

e-mail: info@bionorica.kz